

«АСЫҚ СЫЙЛА»

акциясы



Өткізген: Абенова А.Р.

Ересек «Айгөлек» тобының тәрбиешісі

Консультацияның тақырыбы:

«Асық сыйла» акциясы

Консультациялық пункттің жұмыс жоспарына сәйкес, балабақшада ата – аналар арасында «Ұлттық ойындар күні» ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Асық сыйла» акциясы басталды.

Консультацияның өткізілу нысаны: ата – аналар мен балалар арасындағы мейірімділік пен жауапкершілікті арттыра отырып, ынтымақтастыққа баулу. Балабақшаға ыстық ықыластарымен асыл қазынамыздың бірі – асық сыйлауға құлшыныстарын арттыру. Асық ойыны – қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқы аталады. Асық ойынының түрлері көп – құмар, тәйке, омпы, алшы, ханталапай т.б. Ұлттық ойындар туралы қойылған сұрақтарға жауап беру.

Мақсаты: асық ойындарының баланың дамуына оң әсерін тигізіп, жастайынан жүйке жүйесін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелеу туралы түсіндіру.

- Қандай ұлттық ойындарды білесіздер?
- Ақ сүйек, асық ату, қыз қуу, көкпар, алтыбақан, теңге алу, бес тас, т.б.
- Көкпар ойыны туралы айтып өтсеңіз?
- Көкпар ойыны аттылы адамдардың сойылған малды тартысып ойнайтын ойын түрі.
- Жарайсыз, көкпар ойынын біледі екенбіз.
- Бес тас ойынын білеміз ба, қалай ойналады?
- Бес тас ойыны бес таспен я болмаса бес асықпен да ойналады.
- Рахмет, сіздерге!





Ата – аналар өздеріне асықтар арасынан сақа таңдап, асық ойынын ойнап мергендіктерін көрсетті. Ұлттық ойындар туралы өз білгендерін ортаға салды.